

*«АТСП» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «28» сәуірдегі
шешіміне қосымша
(№ 87 хаттама)*

**«Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының
ақпараттық саясаты**

1. Жалпы ережелер

Осы «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Ақпараттық саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 13 қазандағы шешімімен бекітілген (№02/28 хаттама) «Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Жарғысына және корпоративтік басқарудың халықаралық практикасына сәйкес әзірленді.

1. Саясат Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Қоғамның Жалғыз акционеріне және өзге де мүдделі тұлғаларға ашудың негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Осы Саясат мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге байланысты қатынастарды реттемейді.

3. Саясаттың құрамдас бөлігі ақпараттық қауіпсіздік болып табылады, ол мынадай міндеттерді орындау арқылы қамтамасыз етіледі:

Қоғамның бизнес-процестерінің жоғары сапасын қолдау мақсатында Қоғамның ақпараттық активтерінің тұтастығын қамтамасыз ету;

Қоғамның бизнес-процестерін қолдау үшін Қоғамның ақпараттық активтеріне қолжетімділіктің үздіксіздігін қамтамасыз ету;

Ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу кезінде Қоғамның және өзге де мүдделі тұлғалардың ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз ету.

4. Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қатынастар белгіленген тәртіппен бекітілетін Қоғамның ақпараттық қауіпсіздік саясатымен реттеледі.

5. Осы Қоғам Саясаты Қоғамның Жалғыз акционерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың Қоғам, оның қызметі туралы шынайы ақпаратқа деген ақпараттық қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыруға және осы ақпаратқа еркін әрі кедергісіз қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

6. Қоғам ақпарат дайындап, таратуды Қоғамның жеке жергілікті актісімен бекітілетін Қоғамның коммерциялық құпиясын сақтауды қамтамасыз ету қағидаларын сақтай отырып жүзеге асырады.

7. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі - БАҚ) дайындап, ұсынуға жауапты тұлғалар корпоративтік даму және PR департаменті (бұдан әрі - Департамент), сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында ақпарат ұсынып, орналастыруға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

Департамент медиа-жоспар және корпоративтік коммуникациялармен байланысты өзге де құжаттар әзірлеп, іске асырады.

2. Ұғымдар мен терминдер

8. Осы Саясатта мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

мүдделі тұлғалар - Қоғамның қызметіне қандай да бір дәрежеде мүдделі жеке немесе заңды тұлғалар: Жалғыз акционер, инвесторлар, серіктестер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдар, жұртшылық және басқалар;

коммерциялық құпия - Қоғам айқындап, қорғайтын, заңды негізде еркін қол жеткізуі шектеулі тұлғалар тобына ғана берілетін, жария ету, алу немесе пайдалану Қоғамның мүдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпарат;

Қоғам органдары - Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасы;

түсіндірме беру - бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ауызша және жазбаша сұратуларына жауап беру;

ақпаратты ашу - Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен, тәсілдермен және нысандарда ақпарат алу мақсатына қарамастан барлық мүдделі тұлғалар үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

корпоративтік оқиға - Қоғамның қызметіне елеулі әсер ететін, Қоғамның Жалғыз акционері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиға;

бұқаралық ақпарат құралдары - интернет-ресурстарды қоса мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, кинодеректеме, аудиовизуалды жазба және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың өзге де нысаны;

лауазымды тұлға - Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғам Басқармасының мүшесі;

жария сөз сөйлеу - Қоғам басшысының және (немесе) уәкілетті тұлғалардың БАҚ өкілдері қатыса алатын жария шаралар - конференция, форум, семинар, телефон және бейнеконференция және өзге де шараларда сөз сөйлеу;

корпоративтік веб-сайт - интернет желісінде Қоғамның қызметі туралы ақпарат тарату мақсатында арнайы техникалық құралдар мен бағдарламалық қамту көмегімен дайындалған, ортақ атаумен, тақырыппен және навигация жүйесімен байланысты электрондық құжаттар (парақтар) тобы.

3. Ақпаратты ашу қағидаттары

9. Ақпарат ашудың негізгі қағидаттары:

жеделдік - Қоғамның қызметі туралы аса маңызды оқиғалар мен деректер жөнінде Жалғыз акционерді және басқа да мүдделі тұлғаларды барынша қысқа мерзімде хабардар ету;

ашықтық - Жалғыз акционерге және өзге де мүдделі тұлғаларға толық әрі шынайы ақпаратты ашу;

қолжетімділік - Қоғамның ашылатын ақпаратқа Жалғыз акционер мен өзге де мүдделі тұлғалардың еркін, кедергісіз және барынша аз шығынмен қол жеткізуін қамтамасыз ететін ақпарат тарату арналарын пайдалану;

теңгерімділік - мүдделі тұлғалардың ақпарат алу құқықтарын іске асыру және Қоғам мүдделерін сақтау мақсатында Қоғамның бір жағынан ақпарат ашу, екінші жағынан оны сақтау арасындағы ақылға қонымды теңгерімді қамтамасыз ету;

дәйектілік - Қоғам ашатын ақпарат бұрын ашылған ақпаратқа қатысты дәйекті болуы тиіс.

4. Ақпарат ашу тәсілдері

10. Қоғам және оның қызметі туралы ақпарат ашу ақпаратты мынадай тәсілдермен тарату арқылы жүзеге асырылады:

- 1) ақпаратты www.portakta.kz корпоративтік веб-сайтында, Қоғамның әлеуметтік желілердегі аккаунттарында орналастыру;
- 2) белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында орналастыру;
- 3) Жалғыз акционерге оның сұратуы бойынша ақпарат ұсыну;
- 4) ақпаратты қазақстандық және шетелдік БАҚ-та жариялау;
- 5) Қоғам өкілдерінің жария сөз сөйлеуі барысында БАҚ-ты хабардар ету, БАҚ-қа баспасөз релизін шығарып, тарату;
- 6) Қоғам өкілдерінің және өзге де мүдделі тараптардың қатысуымен баспасөз конференциясы, баспасөз туры, брифинг, семинар, кездесу және т.б. өткізу;
- 7) ақпаратты брошюралар мен буклеттерде жариялау;
- 8) ақпаратты (құжаттарды) қағаз жеткізгіштерде тапсыру (жіберу);
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдер.

5. Ақпаратты ашу тәртібі

11. Ашуға жататын ақпарат мынадай нормалармен айқындалады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасы, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 маусымдағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №26 «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік және аудиторлық есептер, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы;

- Қоғамның Жарғысы;
- Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі
- Қоғамның ішкі құжаттары.

12. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты осындай жарияланым қажеттілігі туындауына қарай ашады.

13. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін қозғайтын, Қоғамның қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін елеулі деректер (оқиға, іс-әрекет) туралы хабарламалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамда ашу міндеті туындайтын өзге де ақпарат, егер Қоғамның Жарғысында, осы Саясатта, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында ақпаратты жария таратудың өзге мерзімдері мен нысандары белгіленбесе, тиісті оқиға басталған сәттен бастап жарияланады.

6. Қоғамның ақпаратты ашуы

14. Қоғам өз акционерлері мен инвесторларының назарына Қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат жеткізеді:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- 2) Үкіметпен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастықтың кез келген нысандары мен шарттары, келісім, әріптестік туралы ақпарат;
- 3) Директорлар кеңесінің есебі және аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті қоса жылдық есеп;
- 4) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығару және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жою;
- 5) Қоғамның ірі мәміле және бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін мәміле жасауы: Қоғамның жасалуына мүдделі мәміле болып табылатын және құны осындай мәміле жасасу туралы Қоғамның уәкілетті органы шешім қабылдаған күнгі Қоғам активтерінің жалпы теңгерімдік құны көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер;
- 6) нәтижесінде Қоғам активтері көлемінің он және одан көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге мәліметтер болған кезде оларды қамтуы тиіс;
- 7) Қоғам мүлкін осы Қоғам активтерінің бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру;
- 8) Қоғамның өз капиталы көлемінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын көлемде қарыз алу;
- 9) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат алу, Қоғам бұрын алған қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсатты қолдануды тоқтата тұру немесе тоқтату;
- 10) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
- 11) Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің және инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиға;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәселелер.

15. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат жеткізу тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Жарғысына және жергілікті актілеріне сәйкес айқындалады.

7. Қоғам өкілдерінің ақпаратты ашу тәртібі

16. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге түсініктеме беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның коммерциялық құпиясын

сақтау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің көзқарасын баяндауға құқылы.

17. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғамның коммерциялық құпиясы жөніндегі талаптарды сақтай отырып, Директорлар кеңесінің (комитеттердің) отырыстарында қаралған мәселелер бойынша, сондай-ақ Қоғам Директорлар кеңесінің (комитеттердің) отырысында қабылданған шешімдер бойынша өз көзқарасын жария түрде баяндауға құқылы.

18. Басқарма мүшелері және Қоғамның өзге де жұмыскерлері өз құзыреті шеңберінде Қоғамның қызметіне байланысты мәселелер бойынша Департаментті міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, жария сөз сөйлей алады.

19. Басқарма мүшелері мен Қоғам жұмыскерлерінің Қоғамға және Қоғам тобына кіретін ұйымдарға қатысты жария мәлімдемелері осы Саясатқа және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес келуі тиіс.

8. Коммерциялық құпияны қорғау

20. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасы және Қоғамның ішкі құжаттары талаптарына сәйкес Қоғамның коммерциялық құпиясын қорғауды қамтамасыз етеді. Мұндай ақпаратқа қол жеткізу шарттарын, сондай-ақ оны алу мүмкіндігін Қоғам өзінің ашықтығы мен мүдделеріне залал келтірмеу ұмтылысы арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігін ескере отырып айқындайды.

21. Қоғамның коммерциялық құпия құрайтын мәліметтер тізбесі Қоғамның тиісті ішкі құжатымен айқындалады.

22. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері коммерциялық құпия құрайтын мәліметтерді тек Қоғамның мүддесінде және осы Саясатқа әрі Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес пайдалануға міндетті. Қоғамның контрагенттері өздеріне белгілі болған коммерциялық құпия құрайтын мәліметтерді заңнамаға, өзге де нормативтік актілерге және Қоғамның келісімдеріне сәйкес пайдалануға міндетті.

23. Қоғамның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері және контрагенттері коммерциялық құпия құрайтын мәліметтерді пайдалану тәртібін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам оларды заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған арнайы рәсімдер енгізуге құқылы.

Көрсетілген рәсімдер мыналар үшін енгізіледі:

Қоғамның коммерциялық құпия құрайтын мәліметтерді пайдалану тәртібінің сақталуын, оның ішінде мұндай ақпаратқа заңсыз қол жеткізуді және оны Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің және үшінші тұлғалардың Қоғам мүддесінде емес пайдалануын болдырмау арқылы қамтамасыз ету;

Жалғыз акционер, инвесторлар және серіктестер тарапынан Қоғамға деген сенім деңгейін арттыру.

24. Ақпарат ашу процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, осы Саясатты және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын бұзу Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан жағдайда, кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

9. Қорытынды ережелер

25. Қоғам ашатын ақпараттың сапасын бақылау мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесіне ақпарат ашу процестерінің тиімділігі туралы ақпараттық анықтаманы жыл сайын ұсыну қажет.

26. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, белгіленген тәртіппен қабылданған Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен реттеледі.

27. Егер осы Саясаттың жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының өзгеруі нәтижесінде оларға қайшы келсе, осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.
